



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Лиза Хинриксен «Жарақатты зерттеу
және оңтүстік АҚШ әдебиеті»



Лиза Хинриксен медицина докторы, ол отбасылық медицина және психиатрия саласымен айналысады. Лиза Медицина колледжін бітіргеннен кейін ең алдымен ауруханаларда, соғыс ардагерлеріне арналған медициналық орталықта жұмыс істеді. Висконсин Медициналық колледжінде дәріс оқыды. Оның академиялық мүдделері психикалық денсаулық, соғыс ардагерлерінің нашақорлық дерті дағдарысын, шұғыл қолға алу және емдеу мәселелерін қамтиды. Қазіргі уақытта ол Стэнфорд зерттеу орталығы мен Стэнфорд университетінің медицина мектебінің аға ғылыми қызметкері болып жұмыс атқарады.

Негізгі бөлім

Лиза Хинриксеннің «Жарақаттарды зерттеу және оңтүстік АҚШ әдебиеті» еңбегі философияның, психоанализдің және әдеби сынның түйіскен жерінде жазылған. Заманауи әдебиеттануда – бұл біршама жас бағыт. Бүгінде зерттеушілер әдебиетті зерттеудің жаңа тәсілдерін дайындауда. Бұл бір мезгілде философиялық, саяси және тарихи бағдарланған еңбектер, олар әдебиетті жарақаттардың барлық формалары мен құбылыстарында зерттеудің негізгі көзі ретінде қарайды, яғни олар пәнаралық әдісті пайдаланады. Ғалымдар психологиялық реакцияны жанға бататын және көбіне саналы жабық жәйттарға талдайды.

Лиза Хинриксеннің зерттеу мақсаты – оңтүстік Америка әдебиеті мен жарақат арасындағы өзара байланысты талдау. Бұл зерттеуде жарақат теориясы және оған байланысты «жады» ұғымы да зерттеледі.

«Жарақат» ұғымының түсіндірмесі мынадай мәнге ие:

1. Жарақат – бұл сырттай механикалық, жылу, электрлі, химиялық немесе өзге де әсерде пайда болатын, адамның тұтастай бүкіл ағзасының немесе тіндерінің зақымдануы.

2. Жарақат психика жұмысын бұзған кездегі психоанализ ұғымы.

Жарақатты зерттеу көздеріне тоқталайық. Жарақат табиғатын зерттеуді бастағандардың бірі – австриялық психоаналитик, психиатр және философ Зигмунд Фрейд және дәрігер-психолог Йозеф Брейер. Олар жүйкелік бұзылулардың зақымдық сипатын орнатуға тырысты. Еске сала кетейік, олардың науқастары психологиялық ауытқушылықтардан – күйзелістен, жынданудан, есалаң болудан, түрлі невроздардан және тәуелділіктерден зардап шеккен науқастар.

Зигмунд Фрейд жарақат ұғымын «невроздар этимологиясы үшін зор мән беретін, бұрын бастан өткен және кейін ұмыт болған әсерлер» деп түсіндірді.

Психоанализде жарақатты түсіндірудің өзі, маңызды өзгерістерге ұшырады. Алдымен Фрейд жарақатты науқастардың өмірде, ерте жастарында ересектердің алымсақтығы нәтижесінде басынан өткізген және санадан ығыстырылған шынайы оқиғасы деп есептеді. Осыған сәйкес, науқаспен жұмыс гипнозбен еске түсіруді және жарақат оқиғасын жете ұғынуды көздеді, ал мұның өзінің емдік әсері болуы тиіс еді. Теорияның дамуы одан әрі қарқынды түрде жалғасты. Бұл ХХ ғасыр, психологиялық дискурста посттравматикалық кезең, яғни жарақаттан кейінгі кезең деп саналатындығымен байланысты. Бұл – қалыпты күнделікті өмірмен байланысты емес, жанға бататын оқиғалардың тәжірибесі. Мысалы, бірінші дүниежүзілік және екінші дүниежүзілік соғыстар, Холокост немесе Вьетнамдағы соғыс, қырғиқабақ соғыс және әлем тарихындағы басқа да осы сияқты ауыр қайғылы оқиғалар.

Психоаналитиктер әскери әрекеттерге қатысушылардың, бұрынғы әскери тұрғындар мен концлагерь тұрғындарының эмоциялық және психофизикалық жағдайын зерттеді.

Л. Хинриксеннің еңбегіне қайта оралайық. Лиза Хинриксен былай дейді: «соңғы он бес жылда оңтүстік АҚШ зерттеулерінде, Оңтүстік Америка әдебиетінің маңызды қыры ретінде «өткеннің болғаны» туралы айтуға ұмтылатын ғалымдар көптеп пайда бола бастады. «Жарақат теориясы», гуманистік зерттеулердің айрықша саласы ретінде, жарақаттың әдеби, мәдени және этикалық салдарын ұғынуға тырысты, ол 1990 жылдары пайда болды».

Лиза Хинриксен «жарақат» терминінің өзгеруі туралы айтады. Алғашында ол физикалық мағынаға ие болды. Жарақат көне гректік «жара» сөзінен шығады және дене жарақатын біл-



діреді. Заманауи өмірде, Мартин Шарко, Пьер Жанет, Джозеф Брейер және Зигмунд Фрейдтің еңбектерінің арқасында «жарақат» термині дербес, сондай-ақ, ұжымдық жарақатты назарда ұстап, ментальды, сонымен қатар, физикалық мәндерді иеленді.

Лиза Хинриксен жарақат теориясына арналған ғылыми әдебиетті өте адал зерттегенін және талдағанын айта кету керек. Ол психоаналитиктердің, әлеуметтанушылардың, тарихшылардың, саясаттанушылардың еңбектерін жүйелі түрде қарастырды.

Садизм мен сексуалды күштеу нәтижесіндегі жарақат туралы бірнеше еңбектерден, атап айтқанда: Дженифер Гриффитстің афроамерикандық әйелдер өмірінен жазылған «Жарақат ерекшеліктері: Дене мен Ес» кітабынан және Джулия Гудспиид-Чадвисктің «Модернист жазушы-әйелдер мен соғыс» кітаптарынан мысал келтіреді.

Дәстүрге сай бағдарланбаған адамдардың жарақаты. Сонымен қатар, Кали Талдың «Қорқыныш әлемінде» атты еңбегінде жарақаттың национализм, империализм және саясат дискурстарына қатынасы қаралады.

Хинриксен Джеффри Александрдің және Артур Нилдің, Пол Лернердің «Жарақаттың өткені» атты еңбегі және Роджер Лакхерстің «Жарақат» атты еңбегі және басқа да көптеген авторлардың еңбектерінде осы теорияның тарихи қалыптасқаны туралы концепцияның тарихын зерттеді.

Жарақат теориясын әдеби форма эстетикасымен және саясатымен жұмыс істейтін ғалымдар ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, жыныс, нәсіл мен сексуалдылық саясатының мәселелерін зерттейтін көптеген ғалымдар қабылдады.

Жарақат теориясын зерттейтін еңбектер шолуына негізделе келе, түрлі сала мамандарының дайындаған ең басты ережелерін қысқаша атап өтуге болады. Олар:

Жарақат зерттеуі заманауилықпен тығыз байланысты. Алғашқы еңбектердің мерзімі Американдық психиатрлық ассоциация жарақаттан кейінгі стрестік бұзылушылықты ресми мойындаған 1980 жыл деп көрсетеді.

Жарақат теориясы гуманистік зерттеудің жеке саласы ретінде 1990 жылдардың басында қалыптаса бастады.

Түрлі ғылыми салалардың мамандары жарақаттың қалай өтетінін, есте қалатынын және көрінетінін зерттейді, олар жарақаттың физикалық, мәдени және этикалық салдарын ұғынуға тырысады.

Жарақатты зерттеу – бұл психиатрлардың, психоаналитиктердің, әлеуметтанушылардың, философтардың, әдеби сыншылардың, кинематографистердің т.с.с. жұмысын үйлестіретін пәнаралық диалог.

Жарақаттық жағдай және ол туралы баяндау мүмкіндігі бір-біріне қайшы. Бұл олардың зерттеу тәжірибесін өзгерту қажеттілігіне баса мән береді. Жарақатты зерттеу үшін интерсубъективтілік басты рөл ойнайтын оқу және тыңдаудың жаңа тәсілін пайдалану қажет.

Мамандар «жара дауысқа айналады» дейді. Жарақат салдарына алып келетін, күтпеген апаттық жағдайлар ғана жарақаттың себебі болмайды. Жарақат міндетті түрде күш көрсетілетін немесе денеге қатерлі ғана болмайды, ол жанға да күш түсіруі мүмкін.

Психологтар мен әдебиеттанушылар Холокостты жарақаттық жағдай ретінде түсінуге тырысып, оған жаңа психологиялық және әдеби өлшемдер тұрғысынан қарап, зерттейді.

Ұжымдық жарақат және ұжымдық жады концепциясы аз зерттелген және даулы мәселе болып қалады. Онда теориялық кемшіліктер бар: жарақаттың өзі ұжымда қалай пайда болады? Ұжымдық немесе қауымдық зорлық-зомбылықты неге психологиялық емес, саяси және идеологиялық мәселе ретінде қарамасқа?

Мамандар жарақатты түрлі дискурстарда қарастырады. Мәселен:

- Күнделікті өмірде жүйелі күш көрсету;
- Жарақаттың ұлтшылдық, империализм және саясат дискурстарына қатынасы;
- Холокост дәлелдерінің дискурсы;
- Жақынына үйленген, қатаң зорлық көрген әйелдердің әңгімелері;
- Отаршылдықтан кейінгі жарақаттар;
- Нәсілшілдік контексті;
- Жарақат және мүмкіндігі шектеулі адамдар;



- Вьетнамдағы соғыс ардагерлерінің әдебиеті;
- Жыныс және сексуалдылық контекстінде.

Ал енді, Жарақат және Оңтүстік Америка әдебиет туралы айтар болсақ, Оңтүстік Америка, ақ нәсілді плантация иелерінің қара құлдарды кеңінен пайдалануының арқасында танымал болды. Бұл нәтижесінде 1861–1865 жылдары арасында болған, Азаматтық соғысқа алып келді.

Дәл осы Оңтүстікте нәсілдік кемсітушілік пайда болды. Мұнда өзгеше тұрмыс және плантациялық мәдениет құрылды. Оңтүстікте ақ мәдениетпен қабылданбаған, қара адамдардың құқықтарын шектейтін, біржақты нәсілдік заңдар қабылданған болатын. Жазалау, жақынына үйлену, зорлау және өлтіру сияқты, қатаң күштеу актілері жиі болды.

Дәл осы, құлшылдық пен ірі жер иемдену Оңтүстікті Солтүстіктен ерекшелеп тұрды. Оңтүстік штаттардағы құлшылдық қатаң болды. Өйткені ақ американдықтар өздері тым қастерлейтін жеке өмір құқығынан, құлдарды мүлде айырып, оларды адам құрлы көрмеді.

Пайданың соңына түсу плантация иелерін құлдардың бүкіл тұрмысын: ұйқысын, тамағын, киер киімін, отбасылық қатынастарын бақылауға мәжбүрледі. Мұнда Солтүстікпен салыстырғанда бүкіл байлық бір жерге шоғырланды. Бір мемлекетте – буржуазиялық солтүстік пен құлиеленушілік оңтүстікте болып жатқан, түрлі жүйелер арасындағы осындай өткір қайшылықтар, Америкада Оңтүстік пен Солтүстік арасындағы, Азаматтық соғыстың себебіне айналды.

Әлбетте, бұл қатаң тарихи оқиғалар американдық әдебиетте көрініс тапты. Дәл осы Оңтүстік әдебиеті жарақаттық тәжірибеге біршама қабілетті болды. Құлшылдық, нәсілшілдік, Азаматтық соғыс тақырыбына арналған көркем шығармалар пайда болды.

Л. Хинриксен былай деп жазады: «Оңтүстік бұрыннан жарақат мекені, кеңістік орны сияқты қаралуда, мұнда американдық күштеу жобаланған және «тұрақталған». Оңтүстік тарихы зұлматпен және отаннан айрылумен; афроамерикандықтардың құлшылдылығымен, көшіп-қонуымен; мәжбүрлі, төлемсіз еңбекпен; зұлым әрекеттермен және күштеумен ерекшеленеді. Тарих сезімі – заманауи оңтүстік жазбада анық сезіледі».

Л. Хинриксен әдебиеттегі жарақат зерттеуін өте перспективті бағыт деп есептейді. Ол: «Оңтүстік әдебиеті жадының, жарақаттың және тарихтың мәдениет дамуында алатын орнын бұрыннан мойындайды. Фолкнер айтқандай, «өткен ешқашан өлі болмайды». Постмодернистік және пост-отаршылдық, гендерлік зерттеулерден кейін жарақатты зерттейтін әдебиеттану, жаңа теориялық шеңберлер мен әдістемені қалайды», – дейді.

Бұл тарауда Оңтүстіктің көркемдік мәтіндері туралы ғылыми әдебиет мұқият талданды. Енді түрлі зерттеушілердің, келесідей идеяларды тұжырымдайтын бақылауларын жалпылайық.

Еңбектерде американдық тарихтың нұсқалары қамтылады, онда Азаматтық соғыс, ақ биліктегілер үшін жарақатты кезең ретінде түсіндіріледі, оны Францияның – Франко-Пруссиялық соғыстан кейінгі және Германияның бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, басынан өткерген «ұлттық жарақаты» сияқты деп сипаттайды.

Оңтүстік жарақат орны, еске алу/сағыныш орны болып табылады, онда «плантация туралы миф» пен Оңтүстіктің мәдени артықшылығы туралы миф өзекті болып саналады.

Азаматтық соғыс мифологиясы Оңтүстік пен оның әдебиетін қудалады, «жады теориясы» мен «жарақат теориясы» Оңтүстік дискурсының өнімді бөлігі болып табылады.

«Плантацияның» өмірі мен дүниетанымы бірнеше ұрпақтарды қозғайды.

Оңтүстік әдебиеті зорлық-зомбылық оқиғалармен байланысты естеліктермен және оқиғалармен есте қалады. Оңтүстік әдебиетіндегі афроамерикандық сәйкестік, жазалау, өлтіру мәселелері – әлеуметтік, экономикалық, эстетикалық мәселелермен байланысты, ірі мәселелердің бөлігі болып табылады.

Отаршылдық Оңтүстік әлеуметтік және нәсілдік сатылары қызмет ететін орын секілді, жарақаттық модельдерді мәңгі есте қалдырады.

Оңтүстік әдебиетте интертекстуалдылық, еске алу, уайымшылдық мәселелері өзекті. Ол туралы еңбектерде жарақат ықпалы – адам құқықтарына және оны бостандығынан заңсыз айыруға қатысты, құлшылдық, саяси күштеу сияқты оқиғаларды түсіну үшін сыни тәсіл ретінде ерекшеленеді.



Оңтүстік туралы көптеген мәтіндер жазылып, фильмдер түсірілді, онда жады мен тарих негізгі орынды иеленеді.

Зерттеушілер Оңтүстік әдебиетіндегі жарақатты аңсауды, бастапқы есте сақтауды қосқанда, жадының басқа да түрлерімен қатар қарастырады.

«Әдебиет куәгер және тарихтың өзінің аталмыш категорияларында тұжырымдала және растала алмайтын, тарихтағы жалғыз дағдарыс куәгері болып қалады.

Әдеби мемуарлар да жарақаттың тарихи оқиғаларды жеке есте сақтауға тигізер ықпалын растайды.

Ұжымдық жады мәселелері бұрыннан Оңтүстік зерттеулердің негізгі бағдары болып табылады. Өйткені американдықтардың әрбір ұрпағының, Азаматтық соғыстан бастап, құлшылық жайлы ұрпақтық жадымен байланысы болды. Үстем (ақ) мәдениет құлшылдық туралы ұжымдық жадыны, азаматтық соғыстағы моральдық, саяси немесе экономикалық қате ретінде қабылдаса, афроамерикандықтар әлі де жалғасушы, кемсітушілікті негіздейтін контраргументтер келтіреді.

Десе де Оңтүстік ұзақ уақыт жарақаттың нақты кеңістігі ретінде, бірыңғай жағдай болып саналды. Оңтүстік пен мешеу капиталистік жаңашылдықтың, құлшылдықтың және еңбек пен шикізатты пайдаланудың ұқсас экономикалық тарихымен бірге, дамушы мемлекеттер арасындағы байланысты зерттеу үшін Оңтүстіктен «көз тайдыру» қажет.

Постотаршылдық сыншылар мен теоретиктер, постотаршылдықты постжарақаттық мәдени білім ретінде тиімді қайта саралай отырып, отаршылдықты ұжымдық жарақат келтіру тұрғысынан теорияландыруды ұсынды.

Оңтүстіктің тұтас біртектілігі туралы миф деконструкциялануды жалғастыруда. Бұл нәсілдік және этникалық сәйкестік арасындағы, әсіресе афроамерикандықтар мен үндістер арасындағы сәйкестілікке қатысты өзара байланыс туралы күрделі ойлау тәсілдерін құруға мүмкіндік беретін болады.

Уильям Фолкнер, Теннесси Уильямс және басқа да американдық жазушылар мен драматургтердің шығармалары жарақаттар теориясының объективі арқылы оқылған болатын. Жазушы құлшылдық пен қараларға қарсы нәсілшілдікті, ұлттық тарих пен дербес сәйкестіктің негізгі құрылымдық детерминанттары ретінде институттандырды.

Еңбектің авторы әдебиетте (прозада, драматургияда, поэзияда) бейнеленген жарақаттарды, қайғы-қасіреттерді зерттейді. Психоаналитикалық тәсіл оларда маңызды құрал болып табылады. Бұл көркемдік мәтіндерді Хинриксенге сәйкес, «қасірет» тарихы деп атауға болады.

Хинриксен Фолкнердің, Теннесси Уильямстың шығармаларындағы ойдан шығарылған кейіпкерлердің психоанализіне жүгінеді.

Монографияда Фолкнердің «Ғибадатхана» және «Монах әйелге арналған реквием» романдары талданады. Әдеттегідей, бұл жазушының кейіпкерлері Американың Оңтүстігінде тұрады. Фолкнердің шығармалары, йокнопатофтық дастанды – үндістердің жеріне алғашқы ақ нәсілді қоныстанушылардың келуінен бастап, XX ғасырдың ортасына дейінгі Оңтүстік Американың тарихын құрайды.

«Ғибадатхана» желісі – бұл тұрмыстық драма, онда зорлау, бордель, кісі өлтіру де кездеседі. «Монах әйелге арналған реквиемді» әдебиеттанушылар көбіне американдық «Қылмыс пен жаза» деп атайды. Романда екі параллель сюжет – тұрмыстағы байсалды ханым Темпл Стивенс пен Темпл Стивенс ханымның баласын өлтіріп, өлім жазасына кесілген қаладағы әйгілі маскүнем және нашақор, жезөкше Нэнси атты қара әйелдің тарихы жайлы өрбиді.

«Монах әйелге арналған реквием» желісі психологиялық, онда «жарақат» ұғымы толық аңғарылады. Романға байланысты Лиза Хинриксен «өткеннің жадысы», «өткеннен арылу» сияқты ұғымдарды зерттейді, себебі өткен мен осы шақ адамның ар-ожданында ажырамайды.